

Әбжанов Қ., Иманалиев Ж.О.

**Монтаж – кадрларды тіркеу  
ғана емес**

Кино мен телевизия шығармашылығында монтаждың орны ерекше екенін көрсету мақаланың мақсаты. Мұнда экран тілінің осы тәсілінің бастауындағы теорияшылардың еңбектері мен жаңалықтары айтылып, тиісті мысалдармен түсінік беріледі. Көп жылғы тәжірибеден жинақталған монтаждың мүмкіндіктері бүгінде қажет мөлшерде, өз орнымен пайдаланылмай жүргені проблема болып көтеріледі.

**Түйін сөздер:** монтаж, Монтаж, телевизия, кино, сюжет, сценарий, кино тілі, телесериал.

---

Abzhanov K., Imanaliyev Zh.

**Installation is not just connecting  
frames**

The paper examines the role and possibilities of television mounting. As part of the on-screen language, a form of visual art, installation has a huge artistic and expressive possibilities in film and on television. Unfortunately, today's directors are not sufficiently use rich creative tools methods of building plots. Especially this neglect is evident in the domestic TV series.

**Key words:** Mounting, television, cinema, plot, scenario, language of cinema, TV series.

---

Абжанов К., Иманалиев Ж.О.

**Монтаж не просто соединяет  
кадры**

В статье изучаются роль и возможности монтажа на телевидении. Являясь составной частью экранного языка, формой изобразительного искусства, монтаж имеет огромные художественно-выразительные возможности и в кино, и на телевидении. К сожалению, современные режиссеры в недостаточной степени используют богатый творческий инструментарий методики построения сюжетов. Особенно такое пренебрежение заметно в отечественных телесериалах.

**Ключевые слова:** монтаж, телевидение, кино, сюжет, сценарий, язык кино, телесериал.

## МОНТАЖ – КАДРЛАРДЫ ТІРКЕУ ҒАНА ЕМЕС

Мақалаға арқау болып отырған мәселенің тақырыбы тың дей алмаймыз. Керісінше көптен бері айтылып, жазылып келе жатса да, көпшілік біле бермейтін сырлары баршылық. Мақсат соларға тағы да назар аударту. Олай дейтініміз, бүгінде монтаждың көп жылғы ізденістерден жинақталған көркемдеу тәсілдері мен мүмкіндіктері қолданыстан қалып барады. Ал бұл аға буын киногерлеріміз бен теорияшыларымыздың асыл мұрасына деген қиянат десе болады. Мысалы кезінде ұлы кино-режиссер Сергей Эйзенштейн, монтаж это великая штука, деп ұлы қасиеті бар әрекетке теңесе, Сұлтан Қожықов («Қыз жібек» фильмінің режиссеры) монтаж сөзбен айта алмайтын ойды жеткізе алады деген пікір айтқан болатын.

Әрине бүгінгі кинематограф алғы буын ұстаздардың үлгісін ұстанып жүргенін жоққа шығара алмаймыз. Біздің көңіліміз толмайтыны телевизиялық көркем фильмдер мен сериалдардың құнарсыз болып шығып жатқаны. Нақтырақ айтқанда, мұндай шығармалардың басты кемшілігі, соларды жасайтын режиссерлардың монтажды шебер қолдануға құлықсыз болуынан. Ендеше монтаж туралы тағы да әңгімелеудің реті бар.

Жазба әдебиетіндегі сияқты кино, телешығармашылықтарда да көркемдеу тәсілдері баршылық. Солардың ішінен алғаш пайда болған оңай жасалатын қолданыс ретінде *теңеу мен метафораға* тоқталайық. Кино теорияшылар жазған әдебиеттерде кинотеңеудің классикалық үлгісі ретінде алғашқы Ресей кинематографистерінің шығармашылығынан мысалдар келтірілген.

Кесіп-жалғау тәсілінің күрделісі, қызықтысы да – көркем монтаж. Өз кезегінде көркем монтаждың бірнеше түрі болады:

- Теңеу, метафора беретін тәсіл.
- Ассоциативтік монтаж.
- Қиылыспайтын (параллельный) монтаж.
- Қыйылысатын (перекресный) монтаж.
- Пластикалық монтаж.
- Шолақ монтаж.

Ал кинометафораның классикалық мысалы ретінде Ресей режиссерларының бірі Лев Кулешовтың бір түсірілімін алған. Мұнда да қызу тартыс пен өтіп жатқан жиналыста көпшілік бір адамға қарсы шығып, оны шеттете бастайды. Осы кадрден ке-

йін далада өсіп тұрған жалғыз ағаш көрсетіледі. Жалпы орта планда соқпақ жол ағаштың екі жағына айырылып кете барады. Яғни монтаж тілі жиналыстағы мәселенің мәні екіге бөлінді, ал адам оқшау қалды дегенді айтып тұр. Бұл адамды тал ағашқа теңеу арқылы кинометафора тәсілі болып шыққан.

Осылай басталған кинодағы теңеу мен метафора күні бүгінге дейін қолданыста бар және оның көркемдік деңгейі артып келеді.

Журналистика факультетінің кезінде республикалық Қазақстан телеарнасының эфиріне шығып тұрған «Сана» телебағдарламасында аталмыш тәсіл көрініс берген. Студент шығармашылығын насихаттау мақсатында жас ақынның бір өлеңі оқылды. Өлең жауапсыз махаббат туралы. Нақты айтқанда ақын қыздың лирикалық сюжеті, троллейбуста бір жігітке сырттай ғашық болған қыз образын сомдайды. Сол қыз жігітті көрген сайын қуанып, өзінше рухани ләззат алып жүреді. Бір күні ол жігіт көрінбей кетеді де үміт үзіледі. Осы өлең оқылып жатқан кезде бір қызғалдақ гүлі (режимдітүсірілім арқылы түсірілген) өсіп шығып гүл ашады, сонан соң қайтадан басы төмен иіліп, салбырап солып қалады. Осы көрініс өлеңнің мазмұнына қарай бөлініп, үш жерден көрсетіледі. Міне бұл ақындық сезімді гүлге теңеу болып шықты.

Ассоциация – Латын тіліндегі – *associatio* (*associationem*) – Жолдас, қоғам деген мағыналарды беретін сөзден тамыр алады. Онан әрі *sequi* – ілесу деген мәнді береді деген түсініктемелер де бар екен. Бұл мәліметтер орыс тілінің түсіндірме сөздігінен алынған. Байқасаңыздар бұлардың бәрінің ортақ мағынасы – жақындасу, бірігу дегенге келетін сияқты. Енді Д. Ожеговтың сөздігіндегі тұжырымға назар аударайық. Ассоциация – бір-бірінен туындап отыратын жеке-жеке ұғымдардың арасындағы байланыс дейді. Міне, осы айтылғандарға сүйене отырып, кинематография теоретиктері *Ассоциативтік монтаж* деген мағыналары әртүрлі екі кадрды тіркегенде үшінші бір ұғым алынатын тәсіл деген тұжырымды киношығармашылықтың сөз қорына енгізген.

Енді осы тәсілді бірінші болып қолданысқа ендірген Михаил Ром деп көрсетеді теориялық әдебиеттерде (бәлкім әлгі анықтамалық тұжырымды алғаш айтқан да сол кісі болар). Атақты кинорежиссер Кеңес Үкіметінің алғашқы кезіндегі бір партия жиналысының жұмысын түсіреді. Бір бөлмеде кезекпен сөйлеп жатқан делегаттардың сөздері кезегіменен синхронды түсіріліп алынып монтаждалады. Сөйлеушілер-

дің әрқайсысы әр түрлі пікір айтып жатса да, бірсарынды сөйлеушілер суреткер режиссерді жалықтырып жіберген болса керек, ол түсірілімге тартымды бір тыныс беруді ойлайды. Сөйтіп сөзі ұғымды, мағыналы сөйлеген адамның кадрінен кейін, сұлу сазды арфада ойнап отырған өнерпаздың кадрін тіркейді. Ал шала-шарпы ой айтып, мардымсыз сөйлеген адамның синхронынан кейін балалайканы шарпу шертіп ойнаған орыс мұжығының кадрін берген. Міне, өздеріңіз байқап отырғандай, М. Ром жақсы сөзді әсем әуенге, керісінше мағынасы аз құнарсыз сөзді балалайканың даңғыр-дұңғырына теңеген.

Киношығармашылықта мұндай жаңалық ашу оңай шаруа емес. Қандай шығармашы болса да оған алдымен ой келеді, идея туындайды. Онан соң соны жүзеге асыру әрекеті басталады.

Монтаж столында отырған режиссер ой тербей отырып, әлдебір кадрді монтажға кірістіргісі келеді, бірақ ондай кадр қол астында болмай қалады, сол кезде, мүмкіндік болса, операторына тапсырма беріп жұмсайды. Ал мүмкіндік болмаса бармағын шайнап қалады. Бұл режиссер үшін – трагедия. Осы себепті де киногерлер арасында «құнды кадр» жинау үрдісі бар.

Сондай экран тілін көркемдеуге қажет болатын біршама құнды кадрларға назар аударайық:

- Жартасқа соққан толқын, – шабыт, жастық арман, шарқ ұрған қиял.
- Қураған және гүлденген ағаштар, – адам өмірі, көңіл сәттері.
- Көтеріліп ұшып кеткен аққу, – сағыныш, құлазыған көңіл.
- Қыран қалықтауы, – жеке батыр, жасампаз ой.
- Дүрілдей көтерілген құстар, – үрей, қорқыныш.
- Теңіз көкжиегінен көрінген ақжелкен, – үміт.
- Ұлып үрген ит, – жамандықтың нышаны.
- Бұлт басқан ай, – жабырқау көңіл, сәтсіздік.
- Сағымды далада жел қуып жөнкіген қаңбақ, – шарасыздық, тағдыр тәлкегіне түскен пенде.
- Қисық-қисық қиралаң өскен қураңқа ағаш, – өмір тауқыметі.
- Кесілген ағаш, – өмірдің ақыры...

Мұндай кадрларды түсіру оңайға түспейді. Оператор мен режиссер кино болсын, телешығарма болсын, түсірілім жүріп жатқанда, әлгідей құбылыстар кездесіп қалса, қалт жібермей кадрге алу керек. Мейлі бұл сценарийде болсын-болмасын, шарт емес. Кино не бейнебаян тілінің қадірін білетін режиссерлар әлгідей өмір көріністерін іздеп жүреді. Өйткені монтаж кезінде әлдебір сюжеттің мәнін ашу үшін кәдеге жарап кететініне кәміл сеніңіз.

### Әдебиеттер

- 1 Барманқұлов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы: «Санат», 1997, 235 б.
- 2 Бейсенқұлов А. Телеконтентті дамытудағы сандық технологияның жаңа мүмкіндіктері. «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары. – Алматы, 3 сәуір, 2015 жыл. 23-26 б.
- 3 Муратов С. Диалог: Телевизионное общение в кадре и за кадром. – М.: «Искусство», 1983. – С. 7-8.

### References

- 1 Barmankylov M. Televidenie: dengiilivlast. – Almaty: «Sanat», 1997. – 235 b.
- 2 Beisenkulov A. Telecontenttydamytudagysandyktechnologianynzhanamumkindiktery. «Kazyrgy kazakh telejurnalistica-synynozekty maselelery men damy tendencialary: ulityk mudde, akparattyk kayipsizdik, kasibi ushkurlik» atty respublikalyk dongelek usteldin materyaldary. – Almaty 3-sauir, 2015 zh. – 23-26 b.
- 3 MuratovS. Dialog: Televisionnoeobshenie v kadreakadre izakadrom. – M.: «Iskusstvo», 1983. – С. 7-8.